

УДК 347.73

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БЮДЖЕТТІК ҮРДІСТІН ІСКЕ
АСЫРЫЛУЫН БАҒАЛАУ**

Тыныштық Спандияр Дарханұлы

tynyshyk_001@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» мамандығының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Жахметова Айнура Каиржановна


Қазақстан Республикасында Қаржы министрлігінің 1991 жылғы 17 желтоқсанда, яғни еліміздің Тәуелсіздігін жариялағаннан кейін екінші күннің өзінде мемлекеттің ең маңызды заңнамалық актілерінің бірі – «Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы» заңның қолданысқа енгізілуі аса маңызды кезең. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі өз қызметінде «Бюджет кодексі», «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы», «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы», «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы», «Азаматтық іс жүргізу кодексі», «Азаматтық кодекс» кодекстері сияқты жинақталған актілерді басшылыққа алады, ол жоғары тұрған органдардың барлық нормативтік-құқықтық актілерінің 38%-ын құрайды. Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы орган.

Пайымы-Қаржы министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспары әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру жөніндегі жалпыұлттық мақсатқа қол жеткізуге бағытталған.


Миссиясы-Мемлекеттің экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету, халық пен бизнес үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады. Республикалық бюджет кірістерінің атқарылуы (трансферттерді есепке алмағанда) үш жылда мынадай деректермен көрсетіледі: 2017 жылы – 101,2%, 2018 жылы республикалық бюджет 102,3% - ға атқарылған, 5 718,2 млрд теңге жоспарда іс жүзінде 130,4 млрд теңгеге артығымен орындаумен 5 848,6 млрд. теңге түсті, 2019 жылдың 8 айында жоспар бойынша 6 885 633,4 млн. теңге 6 958 302,6 млн.теңгені құрады немесе 101,1% көрсеткішімен орындалды.



Сурет 1.Қазақстан Республикасының 2017-2019 жылдар республикалық бюджет кірістерінің атқарылуы, %

Өсім қарқыны 119,2% - ды құраған. 2017 жылы республикалық бюджеттің салықтық түсімдері 100,8% - ға немесе 2016 жылға қарағанда 13,4% - ға өсті, 2018 жылы салық түсімдері бойынша республикалық бюджет 101,8% - ға атқарылды, 5 592,4 млрд.теңге жоспарда іс жүзінде 5 694,9 млрд. теңге түсті. 2019 жылдың 1 шілде жағдайы бойынша республикалық бюджетке салық түсімдер 100,9%-ға атқарылды, 3 088 млрд.теңге жоспарда іс жүзінде 3 115,4 млрд.теңге түсті. Салықтар мен төлемдер бойынша республикалық бюджеттің есебіне жатқызылатын бересі 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша – 216,9 млрд.теңге, жылдың басымен (232,6 млрд теңге) салыстырғанда бересінің төмендеуі 15,7 млрд. теңгені немесе 6,8%-ды құрады. Республикалық бюджеттің шығыс бөлігінің орындалуы (сыртқы қарыздарды өтеу бойынша шығыстарды есепке алмай) 2017 жылы – 99,8%, 2018 жылы – 99,8% орындалды. Тұтастай алғанда, республикалық бюджеттің шығыстары 2019 жылы 11 933,2 млрд.теңге және 2020 жылы – 11 059,1 млрд. теңге, 2021 жылы – 11 401,7 млрд. теңге көлемінде жоспарда бар.



Сурет 2. Қазақстан Республикасының 2019-2021 жылдар республикалық бюджеттің шығыстары

Бюджеттік бағдарламаларды уақтылы қаржыландыру үшін тиісті қаржыны жылына бекітілген тапшылық көлемі шеңберінде қарыз алу жүзеге асырылады. Сондықтан жыл сайын үкіметтік борыш бағамдық айырмашылықты ескере отырып (шетел валюталары кросс-бағамының ауытқуы және АҚШ долларына теңгенің бағамы), қарыз алу есебінен тапшылықты қаржыландыру сомасына ұлғайып отырады. Мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару жолымен ішкі қарыз алу арқылы қаржы нарығындағы «бенчмарк» (бағдар) белгілеу міндеті шешілуде. Халықаралық тәжірибе бюджет тапшылығын қаржыландырумен бір қатарда, мемлекеттік бағалы қағаздар шығару инвесторлық базаны кеңейту және жаңа борыштық құралдарды енгізу жолымен ішкі борыштық нарықты қолдау көбейту (деривативалар және т.б.) арқылы ішкі борыштық нарығын қолдау үшін жүзеге асырылатынын көрсетіп отыр.

Сыртқы қарыз алу саласында басым жобаларды қаржыландыру үшін және бюджеттік қолдау ретінде халықаралық қаржы институттарынан қарыз тарту жүзеге асырылады.


Мемлекет басшысы және елдің ұзақ мерзімді перспективаға арналған даму стратегиясында қойылған міндеттерді ескере отырып, қалыптастырылған 2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет шығыстарының негізгі бағыттары:

- шығыстардың әлеуметтік бағыттылығын күшейту және бұрын қабылданған барлық міндеттемелерді орындау арқылы адами капиталды дамыту;

- экономиканы технологиялық жаңғырту және цифрландыру, аграрлық секторды, көліктік және логистикалық инфрақұрылымды дамыту;

- мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл ретте, мемлекеттік қаржыны жаңғырту және салықтық әкімшілендіруді жақсарту шеңберінде бюджеттің мұнайға қатысты емес түсімдерін арттыру жөніндегі саясатты іске асыруды жалғастыру жоспарлануда. Республикалық бюджет тапшылығын ЖІӨ-ге қатысты 2020 жылғы 2,1%-дан 2022 жылы 1,0%-ға дейін төмендету жоспарланып отыр, бұл мемлекеттік борыш көлемін қалыпты деңгейде сақтауға мүмкіндік береді.

2016 жылы мемлекеттік қаржылық бақылау органдары толығымен мемлекеттік аудитке ауысты. Осыған байланысты 2016-2019 жылдар аралығында болған қаржылық бұзушылықтар.



Сурет 3. Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдар арасындағы анықталған қаржылық бұзушылықтар

2016 жылы есептік кезеңде 664 аудиторлық іс-шаралармен 1,7 трлн.теңгеге бюджет қаражаты қамтылды. Қабылданған шаралар:

- 27 млрд.теңгеге бұзушылықтар жойылды;
- әкімшілік жауапқа 119 қызметкер тартылды;
- тәртіптік жауапқа 1038 қызметкер тартылды.

2017 жылы жалпы 1426 тексеру жүргізілді, 415 млрд. теңге бұзушылықтар анықталды. Оның 39 млрд. теңге – қаржылық бұзушылықтар. Қабылданған шаралар:

- Аудиттің пәрменділігіне назар аудару күшейтілді;
- ТБЖ негізінде аудит объектілеріне әкімшілік жүктемелерді азайту үшін ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, нүктелі бақылау жүргізіледі;

2018 жылы аудиторлық шаралар ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, тәуекелді басқару жүйесі негізінде жүргізілді. Жалпы 921 млрд. тг бұзушылық анықталды. Оның 116,8 млрд.теңгесі қаржылық бұзушылық. Нәтижесінде аудит объектілеріне әкімшілік жүктеме азайтылды. Қабылданған шаралар:

- 116,1 млрд. тг қалпына келтірілген және өтелген;
- ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, тәуекелдерді басқару жүйесі негізде бақылау жүргізу, ауди объектілеріне әкімшілік жүктемені азайту;

2019 жылы Жалпы сомасы 81 млрд.теңгеге бұзушылықтарға жол берілмеді. 123 млрд.теңге бюджет қаражатына 370 аудиторлық іс-шаралар жүргізілді. 14 млрд.теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды. Олардың 11 млрд.теңгесі тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету және жұмыстарды орындау, бюджетке өтеу және есеп бойынша көрсету жолымен түзетілді. Аудит объектілеріне қызметтерін жетілдіруге және тиімділігін арттыруға бағытталған 345 ұсыныстың 114-і орындалды.

Мемлекеттік бюджеттің кірістері есептілік кезеңнің жоспарына қарағанда 108,6%-ке, олардың ішінде республикалық кірістер – 102,7%-ке, жергілікті бюджеттер – 128,4%-ке асыра орындалды. Республикалық бюджетке 1 трлн 147 млрд.теңге кірістер түсті. Бұл жоспардан 30 млрд.теңгеге, ал былтырғы жылдың екі айының көрсеткішінен 216 млрд.теңгеге артық. Экономиканың негізгі салаларында макроэкономикалық көрсеткіштердің жақсаруының оң серпіні байқалады. Мысалғы, былтырғы жылдың қаңтар айымен салыстырғанда биылғы жылы сауданың көлемі 107,5%-ке, көлік саласы – 103,7%-ке, ауыл шаруашылығы – 103,5%-ке, өндіріс – 101,9%-ке және байланыс – 101,2%-ке өсті. Нәтижесінде салықтөлеушілер өздерінің табыстарының көлемін ұлғайтуға декларациялар ұсынды. Ол бюджетке қосымша 44 млрд.теңгенің түсуіне себеп болды. Жергілікті

бюджетердің өз кірістері 94 млрд.теңгеге артығымен орындалып, 425 млрд.теңгені құрады. Асыра орындалу сомасының 84 млрд.теңгесі салықтарға келеді. Барлық өңірлерде кірістердің жоспары артығымен орындалды. Мемлекеттік бюджет шығыстары 94,9%-ке, республикалық – 95,6%, жергілікті бюджеттері 95,9%-ке атқарылды. Республикалық бюджет шығыстары 1 трлн. 870 млрд.теңгені құрады. Бюджет қаражаты 86 млрд.теңгеге атқарылмады. Оның 11 млрд.теңгесі үнемдеу болған. Ал, игерілмеу сомасы 75 млрд.теңгені құрады. Бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 54 млрд.теңгеге төмен. Ең ірі игерілмеу сомалары келесі министрліктерде қалыптасты: Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі – 19 млрд.теңге, Қорғаныс – 11 млрд.теңге, Білім және ғылым және Ішкі істер - 9 млрд.теңге. Жергілікті бюджеттердің шығыстары 559 млрд.теңгеге игерілді. 24 млрд.теңге орындалмады. Ағымдағы жылы республикалық бюджетте жергілікті бюджеттерге 1 млрд 113 млн.теңге нысаналы трансферттер қарастырылып отыр.

2020 жылға арналған республикалық бюджетке түсетін түсімдер 11,316,178,0млн.теңге сомасында көзделген. 1 ақпанға атқарылу 930,198,6млн.теңгені немесе 978 547,8 млн.теңге сомасындағы есепті кезеңге арналған жоспарға 95,1%-ті құрады. Республикалық бюджетке түсетін кірістер (трансферттерді есепке алмағанда) 2020 жылға 8,086,402,9млн.теңге сомасында көзделді. 1 ақпанға кірістер 330,847,9 млн.теңге немесе 381,151,6млн.теңге есепті кезеңнің жоспарына 86,8%-ті түсті. 2020 жылға салықтық түсімдер бойынша жоспар 7,960,584,7млн.теңге сомасында көзделді. Ағымдағы жылы 1 ақпанда салықтар 314,993,6млн.теңге сомасында түсті немесе 367,396,2 млн.теңге сомасындағы есепті кезеңнің жоспарына 85,7%-ды, өсу қарқыны – 76,4%-ды құрады. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт 2020 жылға 2,700,000,0млн.теңге мөлшерінде жоспарланған. Ағымдағы жылғы 1 ақпанға кепілдендірілген трансферт 575,000,0 млн.теңге сомасында немесе 575,000,0млн.теңге есепті кезеңнің жоспарына 100%-ті тартылды. Есепті кезеңге жоспар болмаған жағдайда 518,0 млн. теңге сомасында бюджеттік кредиттер өтелді. Республикалық бюджеттің шығыстары 2020 жылға 12,914,301,2 млн.теңге сомасында жоспарланған. 2020 жылғы 1 ақпанға шығыстар 1,017,843,3 млн.теңге немесе 1,079,515,5 млн.теңге сомасындағы есепті кезеңге арналған жоспарға 94,3%-ті жүргізілді. Ең көп игермеуге мынадай республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жол берді:

ҚР Білім және ғылым министрлігі – 12,211,5 млн.теңге;

ҚР Қорғаныс министрлігі – 6,592,5 млн.теңге;

ҚР Ішкі істер министрлігі – 6,084,9 млн.теңге;

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі – 4,418,3 млн.теңге;

ҚР Президентінің Іс басқармасы – 4,337,2 млн.теңге;

ҚР Сыртқы істер министрлігі – 3,865,1 млн.теңге;

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі – 3,146,0 млн.теңге.

Игерілмеудің негізгі себептері: конкурстық рәсімдерді ұзақ және уақтылы өткізбеу, орындалған жұмыстар актілерін уақтылы ұсынбау, нақты көрсетілген қызметтер көлемі, орындалған жұмыстар үшін ақы төлеу, қазынашылық органдарына тіркеуге шарттар мен қосымша келісімдерді кеш ұсыну.

Республикалық бюджеттің тапшылығы ағымдағы жылғы 1 ақпанға 87,644,7 млн.теңгені немесе ЖІӨ-ге 0,1%-ті (74,526млрд.теңге) құрады. Республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыруға 87,644,7 млн.теңге пайдаланылды, оның ішінде қарыздар түсімінің есебінен – 171,473,3 млн.теңге, қарыздарды өтеу есебінен – 52,732,1 млн.теңге, бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары есебінен – (-31,096,5) млн.теңге пайдаланылды. Есепті кезеңнің аяғындағы бюджет қаражатының қалдықтары 99,306,5 млн.теңгені құрады.

Алда тұрған басты мақсаттардың бірі – ол осы нақтыланған республикалық бюджеттің жобасын:

-Парламентке нақтыланған республикалық бюджеттің жобасын енгізу және оны қабылдануын қамтамасыз ету.

-Нақтыланған бюджетте көзделген қаражатты алушыларға уақтылы жеткізу үшін тиісті бюджет асыру процедураларын қабылдау.

-Бюджет кірістерінің толық атқарылуына бақылау жүргізу және бюджет шығыстарын игерудің онлайн-мониторингін жалғастыру.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын, Елбасы мен Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауларын іске асыру шеңберінде Министрлік алдында экономиканың және халықтың нақты табысының сапалы өсуін қамтамасыз ету, бюджеттік жоспарлаудың ашықтығы мен айқындылығын арттыру және бюджет процесін автоматтандыру міндеті тұр. Мемлекет басшысы және елдің ұзақ мерзімді перспективаға арналған даму стратегиясында қойылған міндеттерді ескере отырып, қалыптастырылған 2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет шығыстарының негізгі бағыттары:

-шығыстардың әлеуметтік бағыттылығын күшейту және бұрын қабылданған барлық міндеттемелерді орындау арқылы адами капиталды дамыту;

-экономиканы технологиялық жаңғырту және цифрландыру, аграрлық секторды, көліктік және логистикалық инфрақұрылымды дамыту;

-мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің ресми сайты (<http://www.minfin.gov.kz/>)
- 2.Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің ресми сайты (<http://mvd.gov.kz/>)
- 3.<http://adilet.zan.kz/>
- 4.<http://gov.kz/memleket/entities/mod?lang=kk/>
5. <https://strategy2050.kz/message/>